

# "KASE КЛИРИНГ ОРТАЛЫҒЫ" АҚ

"KASE клиринг орталығы" АҚ  
Басқармасының шешімімен

(2023 жылдың 01 шілдесіндегі  
№ 17 отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

2023 жылдың XX XXXX бастап<sup>1</sup>

**қолданысқа енгізілді**

## Клирингтік қатысу сертификаттарын шығару, орналастыру, айналымы және өтеу жөніндегі **НҰСҚАУЛЫҚ**

Алматы қ.

2023

<sup>1</sup> "KASE клиринг орталығы" АҚ қызметі басталған күннен бастап

Клирингілік қатысу сертификаттарын шығару, орналастыру, айналымы және өтеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "KASE клиринг орталығы" АҚ-ның (бұдан әрі – Клиринг орталығы) "Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжатына (бұдан әрі – Клирингілік ережелер) сәйкес әзірленді және клирингілік қатысу сертификаттарын шығару, орналастыру, айналымы және өтеу шарттары мен тәртібін анықтайды.

## 1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

### 1 бап. Негізгі ұғымдар және шартты белгілер

1. Нұсқаулықта Қазақстан Республикасының заңнамасында, Клирингілік ережелерде және Клиринг орталығының және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) басқа да ішкі құжаттарында анықталған ұғымдар мен терминдер пайдаланылады.
2. Нұсқаулықтың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:
  - 1) **мүліктік пулдың активтері** – мүліктік пулдың шоттарындағы қаржы құралдары;
  - 2) **клирингілік қатысу сертификаты (КҚС) шығарылымы активтерінің тізбесі** – клирингілік қатысу сертификаттарын шығаруды қамтамасыз ету үшін мүліктік пулға жарна ретінде пайдалануға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі;
  - 3) **клирингілік пул** – клирингілік пулды қалыптастыру күні орындалуға жататын, нетто негізде клирингілі жүзеге асыру нәтижесінде пайда болған клирингілік қатысушылардың нетто-міндеттемелерінің/нетто-талаптарының жиынтығы;
  - 4) **КҚС шығару** – бір ISIN сәйкестендіру кодымен біріктірілген жиынтық.

### 2 бап. Негізгі қағидалар

1. Клирингілік қатысу сертификаты (КҚС) әрбір шығарылым үшін арнайы құрылатын кепілдік қордың – Клирингілік ережелерде және Нұсқаулықта анықталған тәртіппен және шарттарда қалыптастырылған мүліктік пулдың (бұдан әрі – мүліктік пул/МП) активтерімен қамтамасыз етілген құжатсыз эмиссиялық атаулы мерзімсіз бағалы қағаз болып табылады.
2. КҚС эмитенті Клиринг орталығы болып табылады.
3. Әртүрлі атаудағы клирингілік қатысу сертификаттарын (КҚС шығарылымдарын) шығаруға, орналастыруға және айналдыруға жол беріледі.
4. Клиринг орталығы басқармасының Клирингілік ережелерге сәйкес қабылданған осындай шығарудың шарттары және тиісті мүліктік пулды қалыптастыру шарттары туралы шешімі белгілі бір атаудағы КҚС шығаруға негіз болып табылады.
5. КҚС шығарылымының валютасы қазақстандық теңге болып табылады. Кез келген шығарылымның бір КҚС-ның номиналды құны 1 (бір) қазақстандық теңгені құрайды.
6. КҚС бойынша қандай да бір сыйақы есептеу және төлеу жүргізілмейді.
7. КҚС шығару көлемі ауыспалы шама болып табылады, мүліктік пул активтерінің әрбір уақыт сәтіндегі жиынтық құнына байланысты.

8. КҚС белгілі бір шығарылымының КҚС саны ауыспалы шама болып табылады және бір КҚС номиналды құнына бөлінген КҚС шығарылымының көлеміне (жиынтық номиналды құнына) сәйкес келеді.
9. КҚС ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ жүзеге асырады.
10. Клиринг орталығынан ISIN, CFI және FISN кодтарын беруге алынған өтініш Орталық депозитарийдің депозитарлық қызмет көрсетуге қабылдауы үшін негіз болып табылады.
11. КҚС әрбір жеке шығарылымы үшін Орталық депозитарий Орталық депозитарийдің ережелеріне сәйкес бірегей ISIN кодын береді.
12. КҚС шығару, орналастыру, айналымы және өтеу процедуралары КҚС әрбір шығарылымы үшін бірдей болып табылады.

### 3 бап.

#### КҚС шығару көлемін анықтау тәртібі

1. КҚС шығарылымының көлемін Клиринг орталығы күн сайын клирингілік күннің қорытындылары бойынша КҚС-нің жиынтық номиналды құны (бұдан әрі – КҚС құны) ретінде келесі тәртіппен анықтайды:
  - 1) тиісті КҚС шығарылымы үшін сауда-клирингілік жүйеде ашылған әрбір МП шоты бойынша клирингілік күннің соңындағы жағдай бойынша КҚС құнының есебі жүзеге асырылады, ол клирингілік күні айналымнан алынған КҚС құнына азайтылған клирингілік күннің таңғы жағдайы бойынша КҚС құнының және осы күні тіркелген КҚС құнының сомасына тең;
  - 2) жоғарыдағы 1 тармақшаға сәйкес МП әрбір шоты бойынша анықталған КҚС құны қосылады. Алынған сома клирингілік күннің қорытындысы бойынша КҚС шығарылымының көлемі болып табылады.
2. Белгілі бір МП шоты бойынша қандай да бір клирингілік күннің таңғы жағдайы бойынша КҚС құны алдыңғы клирингілік күннің қорытындылары бойынша анықталған МП көрсетілген шоты бойынша клирингілік күннің соңындағы жағдай бойынша КҚС құнына тең болып анықталады.
3. Белгілі бір МП шоты бойынша тіркелген КҚС құны Клиринг орталығы Орталық депозитарийге орындауға берген және Орталық депозитарий тиісті тәртіппен орындаған нетто-операцияларды тіркеуге бұйрықта көрсетілген МП көрсетілген шоты бойынша берілген КҚС құнына тең болып анықталады.
4. Белгілі бір МП шоты бойынша айналымнан алынатын КҚС құны Клиринг орталығы Орталық депозитарийге нетто-операцияларды тіркеуге бұйрықтарға сәйкес есеп айырысуға жіберген және нетто-операцияларды тіркеуге бұйрықты орындау туралы есептерге сәйкес Орталық депозитарий есептеген МП көрсетілген шоты бойынша өтелетін КҚС құнына тең болып анықталады.
5. МП әрбір жеке шоты үшін мүліктік пул активтерінің құны МП шоты бойынша бірыңғай шектелімнің мәніне тең болып анықталады.
6. МП шоты бойынша бірыңғай шектелім Мүліктік пул туралы келісім-шарт бойынша клирингілік қатысушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін мүліктік пул активтерінің жеткіліктілігін бақылау үшін пайдаланылады және Клиринг орталығы:
  - 1) МП шотына активтерді есепке алу;
  - 2) МП шотынан активтерді есептен шығару;
  - 3) МП шотын көрсете отырып, мәмілелер жасауға өтінімдер беру;

- 4) МП шотын көрсете отырып мәмілелер жасасу немесе көрсетілген мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындау/тоқтату;
  - 5) Клиринг орталығының "Қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін анықтау әдістемесі" атты ішкі құжатына (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес мүліктік пулдағы қаржы құралдары бойынша тәуекел-параметрлердің өзгеруі кезінде есептеп шығарады.
7. МП шоты бойынша бірыңғай шектелім Клирингілік ережелерде анықталған тәртіппен:
- 1) мүліктік пулға енгізілген және МП шоты бойынша ескерілетін активтерді;
  - 2) МП шоты бойынша, есеп айырысудың барлық күндері бойынша есепке алынатын сатып алу-сату мәмілелері бойынша есептелген теңгедегі және шетелдік валютадағы клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелері мен нетто-талаптарын;
  - 3) МП шоты бойынша, есеп айырысудың барлық күндері бойынша ескерілетін сатып алу-сату мәмілелері бойынша есептелген бағалы қағаздардағы клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелерін және нетто-талаптарын;
  - 4) МП шоттарын көрсете отырып берілген сауда-клирингілік жүйеде тіркелген өтінімдер негізінде мәмілелер жасалған жағдайда туындауы мүмкін міндеттемелер мен талаптарды;
  - 5) МП шоты бойынша берілген КҚС құнының ағымдағы мәнін (сауда-клирингілік жүйеде "плюс" белгісімен көрсетіледі, Мүліктік пул бойынша бірыңғай шектелімді есептеу кезінде есептелетін мәннен шегеріледі) ескере отырып есептеп шығарады;
8. МП шоты бойынша берілген КҚС ағымдағы құны МП шоты бойынша бірыңғай шектелімнің оң бүтін мәніне сәйкес келеді (тиынды есепке алмағанда).
9. МП шоты бойынша мүліктік пулдың активтерінің құны көтерілген кезде Клиринг орталығы қосымша КҚС шығаруды және беруді жүзеге асырады.  
Қосымша КҚС шығарылғаннан кейін МП шоты бойынша берілген КҚС ағымдағы құны қосымша шығарылған КҚС құнына ұлғайтылады.
10. Белгілі бір МП шоты бойынша өтелетін КҚС құны:
- 1) МП шотынан мүліктік пулдың активтерін есептен шығару;
  - 2) Әдістемеге сәйкес мүліктік пул активтерінің тәуекел-параметрлерінің өзгеруі кезінде туындайтын МП шоты бойынша бірыңғай шектелім мәнінің төмендеуінің шамасына тең анықталады.
11. Осы бапқа және Клирингілік ережелерге сәйкес есептелген МП шоты бойынша бірыңғай лимиттің теріс мәні болған кезде Клиринг орталығы Нұсқаулықтың 9 бабында көрсетілген шарттарды сақтаған кезде және тәртіппен берілген КҚС-ын өтеуді жүзеге асырады, керісінше жағдайда Нұсқаулықтың 11 бабында көзделген іс-әрекеттерді қабылдайды.
12. Берілген КҚС-ын өтегеннен кейін МП шоты бойынша берілген КҚС ағымдағы құны өтелген клирингілік қатысу сертификаттарының құнына төмендейді.
13. Клирингілік күннің қорытындылары бойынша анықталған КҚС шығарылымының көлемі туралы ақпарат есеп айырысу жүргізілетін клирингілік күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірілмей Биржа мен Клиринг орталығының интернет-ресурсында жариялануға тиіс.

## 2 тарау. КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУ СЕРТИФИКАТТАРЫН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ

### 4 бап. Мүліктік пулды қалыптастыру

1. Мүліктік пулды қалыптастыру Клиринг орталығы Басқармасының мүліктік пулды қалыптастыру шарттары туралы шешімі негізінде Клирингілік ережелерде және Нұсқаулықта анықталған тәртіппен жүзеге асырылады.
2. Клиринг орталығы Басқармасының мүліктік пулды қалыптастыру шарттары туралы шешімі:
  - 1) КҚС шығарылымы активтерінің тізбесін;
  - 2) мүліктік пулды қалыптастыруды бастау күнін;
  - 3) мүліктік пулдың шекті көлемін (опционалды/болған жағдайда);
  - 4) мүліктік пулдағы қандай да бір қаржы құралының (қаржы құралдары тобының) шекті үлесін немесе шекті көлемін (опционалды/болған жағдайда);
  - 5) мүліктік пулды қалыптастыру және КҚС шығару үшін қажетті өзге де параметрлер мен мәліметтерді қамтиды.
3. Мүліктік пул клирингілік қатысушылардың тиісті жарналарынан қалыптастырылады. Мұндай жарналарды енгізуге тиісті Мүліктік пул туралы келісім-шартқа қосылған клирингілік қатысушылардың ғана құқығы бар. Басқа клирингілік қатысушылардың жарналары мүліктік пулдың активтері болып табылмайды және осы клирингілік қатысушыларға қайтарылуға жатады.

Клиринг орталығы мүліктік пулға жарналарды жүзеге асырмайды.
4. Теңгемен және шетел валютасымен мүліктік пулға ақша жарналары оларды Орталық депозитарийдегі есеп айырысу ұйымы ретінде Клиринг орталығының корреспонденттік шотына аудару жолымен жүзеге асырылады.

Бағалы қағаздардың мүліктік пулға жарналары Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған жеке шоттың "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісі бар қосалқы шоттың GCGlobal бөліміне (бұдан әрі – GCGlobal бөлімі) аудару жолымен жүзеге асырылады.
5. Мүліктік пулдың активтеріне меншік құқығы:
  - 1) мүліктік пулдағы ақшаға меншік құқығы Клиринг орталығына ауысады, бұл ретте Клиринг орталығында клирингілік қатысушының алдында Нұсқаулықтың 10 бабында көрсетілген ерекшеліктерді ескере отырып, клирингілік қатысушыға мүліктік пулдан ақшаны қайтару бойынша міндеттеме туындайды. Клиринг орталығының осы ақшаға билік ету құқығы Нұсқаулықпен және Клирингілік ережелермен шектелген;
  - 2) мүліктік пулдағы бағалы қағаздарға меншік құқығы GCGlobal бөлімінде осы бағалы қағаздары бар клиринг қатысушысында сақталады. Бұл ретте осы бағалы қағаздарға билік ету құқығы Нұсқаулықпен және Клирингілік ережелермен шектелген.
6. КҚС шығарылымы активтерінің тізбесі осы тізбеге енгізу немесе одан қаржы құралдарының қандай да бір атауларын алып тастау жолымен өзгертілуі мүмкін.
7. Клиринг орталығы Басқармасы шешім қабылдамай-ақ КҚС шығарылымы активтерінің тізбесінен қаржы құралын алып тастау мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:
  - 1) қаржы құралын Т+ қамтамасыз ету тізімінен алып тастау;

- 2) қаржы құралын Биржада айналысқа жіберілгендер қатарынан алып тастау;
- 3) Клиринг орталығының сауда-клирингілік жүйедегі қаржы құралымен сауда-саттықты 90 күннен астам мерзімге тоқтата тұру.
8. Қаржы құралдарын осы баптың 7 тармағында көрсетілгендерден басқа, КҚС шығарылымы активтерінің тізбесіне енгізу және одан өзге себептер бойынша алып тастау Клиринг орталығы Басқармасының шешімі бойынша жүзеге асырылады.
9. Клиринг орталығы КҚС әртүрлі шығарылымдарын қамтамасыз ететін мүліктік пулдарды бөлек есепке алуды жүзеге асырады.
10. Клирингілік сессиялардың қорытындылары бойынша Клиринг орталығы клирингілік қатысушыларға eTransfer.kz электрондық құжаттар алмасу жүйесі арқылы мүліктік пулдың құрамы туралы клирингілік есептерді жібереді.

**5 бап.**

**Активтерді мүліктік пулға енгізу және көрсетілген операцияларды сауда-клирингілік жүйеде көрсету тәртібі**

1. Мүліктік пулға ақшаны мынадай тәсілдермен енгізуге болады:
  - 1) сауда-клирингілік жүйені пайдалана отырып, клирингілік қатысушы берген ақшаны есепке алуға өкімді орындау арқылы;
  - 2) төлем мақсаты мен МП шотының нөмірін міндетті түрде көрсете отырып, Клирингілік қатысушы есеп айырысу ұйымы ретінде Клиринг орталығының тиісті корреспонденттік шотына ақша аудару жолымен.
2. Бағалы қағаздарды мүліктік пулға енгізу сауда-клирингілік жүйені пайдалана отырып, клирингілік қатысушы берген КҚС шығарылымы активтерінің тізбесіне сәйкес келетін бағалы қағаздарды аударуға өкімді орындау жолымен мүмкін болады.
3. КҚС шығарылымы активтерінің тізбесіне енгізілмеген бағалы қағаздарды немесе шетел валютасын мүліктік пулға аударуға өкімді Клиринг орталығы орындамайды.
4. Клиринг орталығы Клирингілік ережелерге және сауда-клирингілік шоттарды ашуды, жүргізуді және жабуды регламенттейтін ішкі құжатқа сәйкес сауда-клирингілік жүйеде ақшаны және мүліктік пулға енгізілген бағалы қағаздарды есепке алуды жүзеге асырады.
5. Осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мүліктік пулға ақша енгізу жөніндегі операциялар "Аударымдар" терезесінде МП шоты байланыстырылған клирингілік қатысушының ақшалай СКШ+ ақшаны есептен шығару туралы және клирингілік қатысушының МП ақша шотына ақшаны есепке алу туралы жеке жазбалармен көрсетіледі, бұл ретте МП шоты бойынша "Ақша позициялары" терезесінде тиісті валюта бойынша ағымдағы, жоспарлы және есептік позиция аударым сомасына ұлғайтылады.
6. Осы баптың 1 тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мүліктік пулға ақша енгізу жөніндегі операциялар сауда-клирингілік жүйеде "Аударымдар" терезесінде клирингілік қатысушының МП ақша шотына ақша аудару туралы және орталық контрагенттің ақшалай СКШ-нан ақшаны есептен шығару туралы жеке жазбалармен көрсетіледі, бұл ретте МП шоты бойынша "Ақша позициялары" терезесінде тиісті валюта бойынша ағымдағы, жоспарлы және есеп айырысу позициясы аударым сомасына ұлғайтылады.
7. Осы баптың 2 тармағында көрсетілген бағалы қағаздарды мүліктік пулға енгізу жөніндегі операциялар "Аударымдар" терезесінде клирингілік қатысушының МП шотының "Мүліктік пул" бөліміне ақшаны есепке алу туралы және МП шоты байланысқан клирингілік қатысушының СКШ+ "Сауда-

саттыққа" бөлімінен бағалы қағаздарды есептен шығару туралы жеке жазбалармен көрсетіледі, бұл ретте МП шоты бойынша "Депо шоттарындағы құралдар бойынша позициялар" терезесінде тиісті бағалы қағаз бойынша ағымдағы, жоспарлы және есептік позициялар ұлғаяды.

8. МП шоттары бөлінісінде клирингілік қатысушы мүліктік пулға енгізген бағалы қағаздардың саны/ақша сомасы туралы ақпарат клирингілік қатысушыға Мүліктік пулға енгізілген мүлік туралы есептің құрамында беріледі.
9. МП шоттарына ақша мен бағалы қағаздарды енгізу Мүліктік пул туралы келісім-шарт бойынша клирингілік қатысушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін мүліктік пул активтерінің жеткіліктілігін бақылау мақсатында пайдаланылатын "Ақшалай позициялар" терезесіндегі МП шоты бойынша бірыңғай шектелімнің ағымдағы, жоспарлы және есептік позициясының дереу ұлғаюына әкеп соғады.
10. МП шоты бойынша бірыңғай шектелімді есептеу Нұсқаулықтың 3 бабында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Клирингілік ережелерде анықталған тәртіппен жүргізіледі.

## 6 бап.

### **КҚС беру және көрсетілген операцияларды сауда-клирингілік жүйеде көрсету тәртібі**

1. Сауда-клирингілік жүйеде Нұсқаулықтың 5 бабында көзделген тәртіппен МП шотына ақша есепке алынғаннан кейін, МП шоты бойынша бірыңғай шектелімнің мәні Нұсқаулықтың 3 бабында анықталған МП шоты бойынша бірыңғай шектелімді есептеу ерекшеліктерін ескере отырып, есептелген ақша сомасы құнының мөлшеріне дереу ұлғайтылады.
2. Сауда-клирингілік жүйеде бағалы қағаздардың белгілі бір саны депо шотының GCGlobal бөліміне есепке алынғаннан кейін, МП шоты бойынша бірыңғай шектелімнің мәні Нұсқаулықтың 3 бабында анықталған МП шоты бойынша бірыңғай шектелімді есептеу ерекшеліктерін ескере отырып, есептелген бағалы қағаздар санының жиынтық құнының мөлшеріне дереу ұлғайтылады.
3. Сауда-клирингілік жүйеде осы баптың 1 немесе 2 тармақтарына сәйкес болған МП шоты бойынша бірыңғай шектелімнің мәні ұлғайтылғаннан кейін дереу Клиринг орталығы:
  - 1) МП шоты бойынша берілген КҚС құнын осы баптың 4 тармағына сәйкес анықталған, шығарылатын КҚС құнына ұлғайтады;
  - 2) осы баптың 5 тармағына сәйкес анықталған, берілетін клирингілік қатысу сертификаттарының санына МП шотына сәйкес келетін СКШ+ бойынша ескерілетін клирингілік қатысу сертификаты бағалы қағаз бойынша позицияның жоспарлы мәнін ұлғайту арқылы клирингілік қатысу сертификаттарын орналастыруды жүзеге асырады және клирингілік қатысушыны СКШ+ бойынша қамтамасыз ету ретінде көрсетілген клирингілік қатысу сертификаттарын ескереді;
  - 3) МП шоты бойынша бірыңғай шектелімнің жаңа мәнін ескереді;
  - 4) клиринг процедураларына СКШ+ бойынша ескерілген КҚС бойынша міндеттемелерді жібереді.
4. Шығарылатын КҚС құны осы баптың 1 және 2 тармақтарына сәйкес МП шотына ақша немесе бағалы қағаздарды енгізу кезінде МП шоты бойынша бірыңғай шектелім ұлғайған шаманың бүтін сан мәніне (тиынды есепке алмағанда) тең.
5. Шығарылатын клирингілік қатысу сертификаттарының саны берілетін КҚС құнын бір КҚС-ның номиналды құнына бөлуден бөліндіге тең.

6. КҚС беруге тапсырма "Аударымдар" кестесінде орталық контрагенттің СКШ депосынан КҚС есептен шығару туралы және клирингілік қатысушының СКШ+ клирингілік қатысу сертификаттарын есепке алу туралы жеке жазбалармен көрсетіледі, бұл ретте клирингілік қатысушының КҚС+ бойынша "Депо шоттарындағы құралдар бойынша позициялар" терезесінде КҚС бойынша ағымдағы, жоспарлы және есептік позиция ұлғайтылады.
7. КҚС беруге тапсырма нетто-операцияларды тіркеуге бұйрыққа енгізіледі және жақын арадағы есеп айырысу-клирингілік сессия барысында Орталық депозитарийге есеп айырысуға жіберіледі.
8. Нетто-операцияларды тіркеуге бұйрық СКШ+ "Сауда-саттыққа" бөлімі бойынша КҚС беруге арналған жиынтық тапсырмаларды қамтиды, оларды Орталық Депозитарий бірінші кезекте орындайды, бұйрықта көрсетілген өзге операциялар нетто-ақпартізімнің осы бөлігі орындалғаннан кейін ғана орындалуы мүмкін.
9. Орталық депозитарий Клиринг орталығының клирингілік қатысу сертификаттарын беруге арналған тапсырмаларын орындағаннан кейін СКШ+ "Сауда-саттыққа" бөліміне есепке алынған КҚС Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде тіркелген болып есептеледі және Т+ тізіміне және Т+ Қамтамасыз ету тізіміне қаржы құралдарын енгізу тәртібіне сәйкес қамтамасыз етуге айналады.

### **3 тарау. АЙНАЛДЫРУ, КЛИРИНГІЛІК СЕССИЯНЫ ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ КҚС-МЕН МӘМІЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

#### **7 бап.**

#### **Айналдыру ерекшеліктері**

1. Клирингілік ережелерде көзделген тәртіппен Нұсқаулыққа 1 қосымшаға сәйкес КҚС шығарылымына сәйкес келетін мүліктік пул туралы келісім-шартқа қосылған клирингілік қатысушылар арасында ғана белгілі бір атаудағы КҚС айналдыруға жол беріледі.
2. КҚС айналдыру Биржалық қызмет ережелеріне және ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде репо операцияларын жүзеге асыру ережелерін анықтайтын Биржаның ішкі құжатына сәйкес орталық контрагенттің қатысуымен тәртіптемеде КҚС кепілге қоюмен репо операцияларын жасау арқылы жүзеге асырылады.
3. Айналдыру процесінде Клирингілік қатысу сертификаттарын Клиринг орталығы ішінара қамтамасыз ету шарттарында жасалатын мәмілелер бойынша қамтамасыз ету ретінде ескереді және "қысқа сату" нысанасы болып табылуы мүмкін, осыған байланысты олар бойынша "қысқа сатуға тыйым салу" белгісі белгіленбейді.
4. КҚС айналдыру процесінде мүліктік пулдың активтері мынадай кезектілікте пайдаланылады:
  - 1) мүліктік пул туралы келісім-шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету;
  - 2) клирингілік қатысушыға қатысты жою неттингін жүргізу кезінде КҚС-мен репо мәмілелері бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету;
  - 3) клирингілік қатысушының мәмілелер бойынша, оның ішінде клирингілік қатысу сертификаттарымен репо мәмілелері бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету;
  - 4) МП шотын көрсете отырып жасалған сатып алу/сату мәмілелері бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету;



- 5) МП шотына сәйкес келетін СКШ+ көрсете отырып жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің және осындай СКШ+ бойынша ескерілетін өзге де міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету.

**8 бап.**

**Mark-to-market клирингілік сессиясын өткізу ерекшеліктері және МП шоты бойынша маржиналдық талаптарды қою және өтеу тәртібі**

1. КҚС шығаруға, орналастыруға (беруге) және айналдыруға байланысты тәуекелдерді басқару мақсатында Клиринг орталығы:
  - 1) күн сайын, МП шоттары бөлінісінде мүліктік пул активтерінің құнын қайта бағалауды, сондай-ақ Мүліктік пул туралы келісім-шарт бойынша клирингілік қатысушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін енгізілген мүліктік пул активтерінің жеткіліктілігін бақылауды жүзеге асырады, қандай да бір МП шоты бойынша жеткіліксіз болған жағдайда – клирингілік қатысушыға осы МП шоты бойынша margin-call ұсынады;
  - 2) МП шотынан енгізілген мүліктік пулдың активтері клирингілік қатысушыға қайтарылған кезде Мүліктік пул туралы келісім-шарт бойынша клирингілік қатысушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін МП шотында қалған мүліктік пул активтерінің жеткіліктілігін бақылауды жүзеге асырады.
2. Мүліктік пул активтерінің номиналды құнын есептеу және Мүліктік пул туралы келісім-шарт бойынша клирингілік қатысушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін олардың жеткіліктілігін бақылау тәртібі Нұсқаулықтың 3 бабында анықталған.
3. Клиринг регламентінде белгіленген мерзімде Клиринг орталығы қор нарығында Клирингілік ережелерде анықталған тәртіппен:
  - Нұсқаулықтың 3 бабына сәйкес пулға әрбір қатысушы үшін әрбір МП шоты бойынша бірыңғай шектелімнің мәнін есептеу;
  - тәуекел-параметрлердің өзгеруінен туындаған МП байланысты шоты бойынша мүліктік пулдың активтері құнының өзгеруіне байланысты СКШ+ арналған клирингілік қатысу сертификаттарын беру / өтеу;
  - МП шоттары бойынша margin-call пайда болған пулға қатысушыларды анықтау мақсатында mark-to-market клирингілік сессиясын өткізеді.
4. Бағалы қағазды КҚС шығарылымы активтерінің тізбесінен алып тастаған жағдайда, мұндай бағалы қағаз нарықтық тәуекелдерді бағалау диапазонының нөлге тең төменгі шекарасымен есепке алынады. Бағалы қағаздар КҚС шығарылымы активтерінің тізбесінен шығарылған күннен бастап, mark-to-market сессиясынан бастап көрсетілген бағалы қағаз МП барлық шоттары бойынша бірыңғай шектелімді есептеу кезінде алынып тасталды.
5. Осы баптың 4 тармағында көрсетілген активтерді пул қатысушысына мүліктік пулдан беру Нұсқаулықтың 10 бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.
6. Егер mark-to-market клирингілік сессиясы барысында есептелген МП шоты бойынша бірыңғай шектелімнің мәні оң болса, Клиринг орталығы пул қатысушысына Нұсқаулықтың 5 бабында анықталған тәртіппен клирингілік қатысу сертификаттарын шығарады.
7. Егер mark-to-market клирингілік сессиясы барысында есептелген МП шоты бойынша бірыңғай шектелімнің мәні теріс болса, Клиринг орталығы Нұсқаулықтың 11 бабында белгіленген тәртіппен КҚС-ын өтейді.
8. Егер КҚС өтеу мүмкін болмаса немесе МП шоты бойынша бірыңғай шектелімнің мәні теріс болуына әкеп соқтырмаса, Клиринг орталығы

қатысушыға МП шоты бойынша ескерілетін мүліктік пул бойынша margin-call пулын ұсынады.

9. Мүліктік пул бойынша margin-call сомасы осы баптың 8 тармағына сәйкес mark-to-market клирингілік сессиясының қорытындылары бойынша және КҚС өтелгеннен кейін анықталған МП шоты бойынша теріс бірыңғай шектелімнің абсолюттік мәніне тең.
10. Мүліктік пул бойынша Margin-call туралы ақпарат margin-call туралы есептің құрамында пулға қатысушыға жіберіледі.
11. Мүліктік пул бойынша Margin-call пулға қатысушы Клирингілік ережелерде белгіленген уақыттан кешіктірмей жоюы тиіс.
12. Мүліктік пул бойынша Margin-call-ды пулға қатысушы Нұсқаулықтың 5 бабында белгіленген тәртіппен СКҚ шығарылымы активтерінің тізбесінен ақшаны немесе бағалы қағаздарды мүліктік пулға енгізу жолымен жоюы мүмкін

Мүліктік пул бойынша margin-call толық немесе ішінара:

- 1) Клиринг орталығы Нұсқаулықтың 11 бабының 4 тармағында белгіленген талаптарды сақтаған кезде өтеуге жататын клирингілік қатысу сертификаттарын алуға әкеп соқтыратын пул бойынша Margin-call ескерілетін МП шотына сәйкес келетін СКШ+ көрсетілген мәмілелерді пулға қатысушының жасасуы;
  - 2) пулға қатысушының мүліктік пул активтерінің құрамына кіретін бағалы қағаздарды сатуға бағытталған МП шотын көрсете отырып, сату мәмілелерін жасасуы жолымен тоқтатылуы мүмкін.
13. МП шоты бойынша ескерілетін мүліктік пул бойынша Margin-call осындай МП шоты бойынша бірыңғай шектелім теріс болмаған сәтте тоқтатылған болып есептеледі.
  14. Қатысушы Клирингілік ережелерде белгіленген мерзімде мүліктік пул бойынша margin-call пулын орындамаған жағдайда Клиринг орталығы мұндай қатысушыны дәрменсіз деп таниды және Клирингілік ережелерде анықталған тәртіппен маржа бойынша дефолтты реттеу жөніндегі процедураларды жүргізеді.
  15. Сауда-саттық барысында тәуекел-параметрлері өзгерген жағдайда Клиринг орталығы Нұсқаулықтың 3 бабына сәйкес әрбір МП шоты бойынша бірыңғай шектелімнің жаңа мәндерін есептейді және осы баптың 7 тармағында көрсетілген тәртіпке ұқсас тәртіппен мүліктік пул активтері құнының өзгеруіне байланысты клирингілік қатысу сертификаттарын өтеуді жүзеге асырады.
  16. Сауда-саттық барысында мүліктік пул бойынша Margin-call ұсыну жүзеге асырылмайды.

## 9 бап.

### Репо мәмілелері бойынша есеп айырысу тәртібі

1. КҚС-мен жасалған репо мәмілелері бойынша міндеттемелер клиринг пулына енгізіледі және Клирингілік ережелерде анықталған тәртіппен орындалады.
2. Орталық контрагентпен (ОК) мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру мақсатында Клиринг орталығы Клиринг регламентіне сәйкес Клирингілік ережелерде белгіленген тәртіпті басшылыққа ала отырып, әрбір клирингілік шот бойынша әрбір қаржы құралы бойынша нетто-талаптарды және/немесе нетто-міндеттемелерді анықтайды.
3. Орталық контрагентпен (ОК) клирингілік қатысу сертификаттарымен репо мәмілелері бойынша өзінің нетто-міндеттемелерін орындау үшін қор нарығының клирингілік қатысушысы клирингілік қатысушылардың есеп айырысуды жүзеге асыру күні әрбір есеп айырысу-клирингілік сессиясының

Клиринг регламентінде белгіленген қаржы құралдарын жеткізудің соңғы уақытына (бұдан әрі – cut-off time) дейін осы баптың 2 тармағына сәйкес есептелген нетто-позициялардың орындалуын қамтамасыз ететін әрбір СКШ+ (меншікті, клиенттік, клиенттік кастодиандық) қаржы құралдарының Клиринг орталығының есеп айырысу ұйымы ретінде корреспонденттік шотына ақша және СКШ + "Сауда-саттыққа" бөліміне, сондай-ақ МП шотының "Мүліктік пул" бөліміне бағалы қағаздарды тиісті есеп айырысу-клирингілік сессиясының басында сауда-клирингілік жүйеде көрсетілетін ақша мен бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу позициялары теріс болып табылмайтын мөлшерде аудару арқылы болуын қамтамасыз етуге міндетті.

4. Cut-off time уақытына есеп айырысуды жүзеге асыру үшін клирингілік қатысушының қандай да бір СКШ+ қаржы құралдары жеткіліксіз болған жағдайда, Биржа Клирингілік ережелерге сәйкес позицияны көшіру процедурасын жүзеге асыру арқылы жосықсыз клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелерінің дефолтын реттеу процедураларын жүзеге асырады.
5. Қандай да бір клирингілік сессияның қорытындылары бойынша ақша бойынша есеп айырысуларды жүргізуді Клиринг орталығы қор нарығында орталық контрагентпен мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысуларды жүзеге асыру ережелерін анықтайтын Клиринг орталығының ішкі құжатында көзделген тәртіппен есеп айырысу ұйымы ретінде Клиринг орталығы жүзеге асырады.
6. Қандай да бір клирингілік сессияның қорытындылары бойынша бағалы қағаздар бойынша есеп айырысуларды жүргізуді Орталық депозитарий жеке шоттардың қосалқы шоттарының бөлімдері бойынша бағалы қағаздарды есептен шығару / есепке алу туралы ақпаратты қамтитын Орталық депозитарийдің ережелер жинағына сәйкес Орталық депозитарийде ашылған жеке шоттың "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісі бар қосалқы шоттар (бұдан әрі – депо қосалқы шоты) бөлімдері бойынша нетто-операцияларды тіркеуге Клиринг орталығынан алынған бұйрық негізінде жүзеге асырады..
7. Нетто-операцияларды тіркеуге бұйрық мынадай тәртіппен орындалады:
  - 1) бірінші кезекте МП шоты бойынша есепке алынатын берілетін клирингілік қатысу сертификаттарының құнына сәйкес келетін санда депо қосалқы шотының KASE бөлімі бойынша КҚС беруге арналған жиынтық тапсырмалар орындалады. Ақпартізімнің осы бөлігі сәтті орындалған жағдайда операцияның келесі типі орындалады;
  - 2) екінші кезекте клирингілік қатысушылардың және Биржаның бағалы қағаздар, оның ішінде клирингілік қатысу сертификаттары бойынша, бағалы қағаздарды мүліктік пулдарға / мүліктік пулдардан СКШ+ және МП шоттары бойынша есепке алуды және есептен шығаруды қоса алғанда, клирингілік пул мәмілелері бойынша нетто-міндеттемелерін / нетто-талаптарын орындауға тапсырмалар орындалады;
  - 3) соңғы кезекте МП шоты бойынша өтелетін клирингілік қатысу сертификаттарының құнына сәйкес келетін санда депо қосалқы шотының KASE бөлімі бойынша КҚС өтеуге арналған жиынтық тапсырма орындалады. Бұл тапсырмаларды Орталық депозитарий алдыңғы операциялар түрлері бойынша оң жауап берген жағдайда орындайды.
8. Клиринг орталығынан алынған жеке шоттардың қосалқы шоттарының бөлімдері бойынша операцияларды жүргізуге арналған нетто-операцияларды тіркеуге арналған бұйрық орындалғаннан кейін Орталық депозитарий Клиринг орталығына нетто-операцияларды тіркеуге бұйрықтың орындалуы туралы есепті жібереді.

#### 4 тарау. КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУ СЕРТИФИКАТТАРЫН ӨТЕУ ТӘРТІБІ

##### 10 бап. Мүліктік пулдан мүлікті беру және көрсетілген операцияларды сауда-клирингілік жүйеде көрсету тәртібі

1. Мүліктік пулдан ақшаны / бағалы қағаздарды беру сауда-клирингілік жүйені пайдалана отырып, пулға қатысушы берген МП шоты бойынша ақша / бағалы қағаздарды аударуға өкімнің негізінде жүзеге асырылады.
2. Мүліктік пулдың активтерін беру мақсатында сауда-клирингілік жүйені пайдалана отырып, пулға қатысушы беретін ақшаны / бағалы қағаздарды аударуға өкімде ақшаны / бағалы қағаздарды азайту жүзеге асырылатын МП шотына нұсқау болуға тиіс.
3. Осы баптың 1 тармағында көрсетілген мүліктік пулдан ақшаны есептен шығару жөніндегі операциялар "Аударымдар" терезесінде клирингілік қатысушының МП ақша шотынан ақшаны есептен шығару туралы және клирингілік қатысушының МП шоты байланыстырылған СКШ+ ақша шотына ақшаны есепке алу туралы жеке жазбалармен көрсетіледі, бұл ретте "Ақшалай позициялар" терезесінде МП шоты бойынша тиісті валюта бойынша ағымдағы, жоспарлы және есептік позицияларды аудару сомасына азайтылады.
4. Осы баптың 2 тармағында көрсетілген мүліктік пулдан бағалы қағаздарды есептен шығару жөніндегі операциялар "Аударымдар" терезесінде МП шоты байланыстырылған клирингілік қатысушының СКШ+ "Сауда-саттыққа" бөліміне ақшаны есепке алу туралы және клирингілік қатысушының МП шотының "Мүліктік пул" бөлімінен бағалы қағаздарды есептен шығару туралы жеке жазбалармен көрсетіледі, бұл ретте МП шоты бойынша "Депозиттеріндегі құралдар бойынша позициялар" терезесінде тиісті бағалы қағаз бойынша ағымдағы, жоспарлы және есептік позициялар азайтылады.
5. МП шоты бойынша бірыңғай шектелімді есептеу Нұсқаулықтың 3 бабында көрсетілген ерекшеліктерді ескере отырып, Клирингілік ережелерде анықталған тәртіппен жүргізіледі.

##### 11 бап. КҚС өтеу және көрсетілген операцияларды сауда-клирингілік жүйеде көрсету тәртібі

1. КҚС өтеу Нұсқаулықтың осы бабында белгіленген шарттар сақталған кезде пул қатысушысының бастамасы бойынша мүліктік пул активтерін беру кезінде жүзеге асырылады.
2. Бағалы қағаздар / ақша МП шотынан есептен шығарылған жағдайда ақшаны / бағалы қағаздарды аударуға өкім орындалатын МП шотына байланысты СКШ+тен КҚС саны өтеледі.
3. Мүліктік пулдың активтерін беру кезінде КҚС өтеу мынадай шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады:
  - 1) МП шотына сәйкес келетін СКШ+ бойынша есепке алынатын КҚС бағалы қағаздарының саны КҚС өтелгеннен кейін теріс болмайды;
  - 2) МП шотына сәйкес келетін СКШ+ бойынша оң бірыңғай шектелім КҚС өтелгеннен кейін теріс болмайды;
  - 3) МП шотына сәйкес келетін СКШ+ бойынша теріс бірыңғай шектелім КҚС өтелгеннен кейін азаймайды;
  - 4) мүліктік пулдан ақша беру кезінде қайтарылатын сома:
    - МП шоты бойынша есепке алынатын тиісті валютадағы ақша сомасынан, немесе

- МП шоты бойынша есепке алынатын тиісті валютадағы ақша сомасынан және МП шоты бойынша есепке алынатын сатып алу / сату мәмілелері бойынша ағымдағы есеп айырысу күнімен тиісті валютадағы ақша бойынша нетто-міндеттемелерден / нетто-талаптардан аспайды.
- 4. МП шоты бойынша мүліктік пул бойынша бірыңғай шектелімнің теріс мәні кезінде жүргізілетін КҚС өтеу МП шотына байланысты СКШ+ бойынша есепке алынатын клирингілік қатысу сертификаты бағалы қағаздардың саны КҚС өтегеннен кейін теріс болмауы шартымен жүзеге асырылады.
- 5. Осы баптың 3 және 4 тармақтарында көрсетілген КҚС өтеу шарттары сақталған кезде Клиринг орталығы дереу:
  - 1) МП шоты бойынша берілген КҚС құнын осы баптың 6 тармағына сәйкес өтелетін клирингілік қатысу сертификаттарының құнына төмендетеді;
  - 2) МП шотына байланысты СКШ+ бойынша ескерілетін клирингілік қатысу сертификаты бағалы қағаздарының санын осы баптың 7 тармағына сәйкес өтелетін клирингілік қатысу сертификаттарының санына азайтады;
  - 3) МП шоты бойынша бірыңғай шектелімнің жаңа мәнін ескереді.
- 6. Өтелетін КҚС құны осы баптың 2 – 4 тармақтарына сәйкес пулға қатысушының бастамасы бойынша МП шотынан ақша немесе бағалы қағаздар беру кезінде МП шоты бойынша бірыңғай шектелім төмендеген шаманың (тиынды есепке алмағанда) бүтін сан мәніне тең.
- 7. Өтелетін КҚС саны өтелетін КҚС құнын бір КҚС-ның номиналды құнына бөлуден бөліндіге тең.
- 8. КҚС беруге тапсырма "Аударымдар" кестесінде орталық контрагенттің СКШ депосына КҚС есептеу туралы және КҚС-ын клирингілік қатысушының СКШ+ есептен шығару туралы жеке жазбалармен көрсетіледі, бұл ретте клирингілік қатысушының СКШ+ "Депозитарийдегі құралдар бойынша позициялар" терезесінде КҚС бойынша ағымдағы, жоспарлы және есептік позициялар азайтылады.
- 9. КҚС өтеуге арналған тапсырма нетто-операцияларды тіркеуге бұйрыққа енгізіледі және жақын арадағы есеп айырысу-клирингілік сессия барысында орындау үшін Орталық депозитарийге жіберіледі.
- 10. Нетто-операцияларды тіркеуге бұйрық СКШ+ депосының "Сауда-саттыққа" бөлімі бойынша КҚС өтеуге арналған жиынтық тапсырмаларды қамтиды, оларды Орталық Депозитарий соңғы кезекте ақпартізімнің алдыңғы бөліктері сәтті орындалған жағдайда ғана орындайды.

**12 бап.**

**Мүліктік пулдағы мүлікті ауыстыру тәртібі**

- 1. Нұсқаулықтың 11 бабының 3 тармағында көзделген КҚС өтеу шарттарын сақтамау себебінен МП шотынан мүліктік пулдың активтерін беру мүмкін болмаған жағдайда, пулға қатысушы МП шотына бұрын енгізілген мүліктік пулдың активтерін КҚС шығарылымы активтерінің тізбесінен өзге активтерге ауыстыруға құқылы.
- 2. Мұндай ауыстыруды жүзеге асыру үшін пулға қатысушы Нұсқаулықтың 5 бабында белгіленген тәртіппен МП шотына мүліктік пулдың өзге активтерін енгізуге міндетті, бұл ретте мүліктік пулдың өзге де енгізілетін активтерінің құны ауыстыруға жататын мүліктік пулдың енгізілген активтерінің құнына сәйкес келуге тиіс.

3. МП шотына мүліктік пулдың өзге активтерін енгізгеннен кейін пулға қатысушы Нұсқаулықтың 10 бабында белгіленген тәртіппен мүліктік пулдың тиісті активтерін беру үшін Клиринг орталығына жүгінуге құқылы.
4. Клирингілік қатысушы МП шоты бойынша мүліктік пулдың активтерін Нұсқаулықтың 10 бабында анықталған тәртіппен мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындау үшін пайдалануға құқылы.

## 5 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

### 13 бап. Тұжырымды қағидалар

1. Нұсқаулық және оған барлық өзгертулер және/немесе толықтырулар саудасаттыққа қатысушылардың / клирингілік қатысушылардың назарына Клиринг орталығының интернет-ресурсында орналастыру жолымен жеткізіледі.
2. Нұсқаулық қажеттілігіне қарай, бірақ үш жылда кемінде бір рет өзектендіруге жатады.
3. Нұсқаулыққа өзгертулер мен толықтырулардың уақтылы енгізілуіне клирингілік бөлімше жауапты болады.

Басқарма төрағасы

И.М. Сабитов